

«Жасыл даму» АҚ
Басқармасының
2025 жылғы «_____» _____
(№_____ хаттама) шешіміне
№_____ қосымша

«Жасыл даму» АҚ
Басқармасының
2025 жылғы «_____» _____
(№_____ хаттама) шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген
міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тұтынушылық
қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау,
сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдер жасаудың үлгілік
шарты**

Астана қ.

«_____» 20 жыл

«Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып табылатын, бұдан әрі «Оператор» деп аталатын «Жасыл даму» акционерлік қоғамы, бір тараптан, және

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және тасымалдауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – Алушы), екінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жекеше жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталатындар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 389-бабын және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 388-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1250 қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының оның банктегі шотына өндірушілер мен импорттаушылардан түскен ақша есебінен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өндеуді, қайта өндеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне ақшалай төлемдерінің мөлшерлерін (бұдан әрі – Қаулы);

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының оның банктегі шотына өндірушілер мен импорттаушылардан түскен ақшаны төлемдер жасау арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың)

кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруға бағыттау қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) басшылыққа ала отырып;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына жеке және заңды тұлғалар әкелетін, олар бойынша мұндай өнім (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату қамтамасыз етілетін өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесін (бұдан әрі – Тізбе);

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесін (бұдан әрі – Әдістеме);

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесінде пайдаланушылардың жұмыс істеуіне арналған түсіндірмелерді (бұдан әрі – Түсіндірмелер) басшылыққа ала отырып,

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау үшін төлемдер жасаудың осы үлгілік шартын (бұдан әрі – Шарт) төмендегідей мазмұнда жасасты.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) ақпараттық жүйе – пайдаланудан шыққан көлік құралын және пайдаланудан шыққан өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруға арналған өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының ақпараттық жүйесі;

2) мониторинг – Оператордың уәкілетті өкілі жүзеге асыратын және (немесе) бөгде тұлғаларды немесе ұйымдарды (уәкілетті мемлекеттік органдарды, БАҚ-ты, салалық қауымдастықтарды, тәуелсіз аудиторларды) тарта отырып, Қағидаларда және Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде Алушыға бару, қалдықтарды жинау үшін пайдаланылатын өндірістік объектілерді аралау арқылы іске асырылатын іс-шаралар кешені;

3) Есеп – Алушы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жасалатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау

жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есеп;

4) төлемдерді алушы – Оператордың ақпараттық жүйесінде Оператормен Шарт жасасқан, қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын төлемдерді алушы;

5) паспорт – Алушы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Оператордың ақпараттық жүйесінде толтыратын нысан;

6) қалдықтарды қайта өңдеу – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату;

7) өндірістік объектілер – қалдықтарды уақытша жинап қою орындары (алаң, қойма, қоймалау орны, база), қалдықтарды жинау орындары (стационарлық қабылдау пункті, контейнерлер мен фандоматтар) орналасқан өндірістік үй-жайлар, аумақ;

8) төлемдер мөлшері – Қаулымен бекітілген төлемдердің тиісті мөлшері;

9) қалдықтарды жинау – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау.

Басқа терминдер мен ұғымдар Қағидаларда пайдаланылатын мәндерінде қолданылады.

2. Тиісті қаржы жылына арналған төлемдер сомаларының лимиттері Оператордың Инвестициялық саясатында көзделеді және жыл сайын Оператордың ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

Оператордың тиісті қаржы жылына арналған төлемдер сомаларының лимиттері таусылған жағдайда, аталған жылы қалдықтарды жинауды жүзеге асыратын алушыларға төлемдер жасалмайды, ал Операторда оларды төлеу бойынша міндеттемелер туындамайды.

2-тарау. Шарттың мәні

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда және Шартта көзделген шарттарда және тәртіппен Оператор Алушыға тиесілі төлемдерді жасауға міндеттенеді, ал Алушы Тізбеге сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) қалдықтарын Қазақстан Республикасының аумағында жинауды және қайта өңдеуге беруді жүзеге асыруға міндеттенеді, бұған мыналар қосылмайды:

1) пайдаланудан шыққан көлік құралдары және өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасы;

2) олар үшін Әдістемеде кәдеге жарату төлемін есептеуге арналған коэффициент белгіленбеген немесе «0»-ге (нөлге) тең өнімнің (тауарлардың) қалдықтары;

3) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін

Кодекстің 386-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен орындайтын өндірушілер (импорттаушылар);

4) Кодекстің 367-бабының және «Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экологиялық, геология және табиғи ресурстар міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) талаптарына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде жиналған және қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарына сұрыптауға және (немесе) көмуге берілген қалдықтар.

4. Төлемдерді алу мақсаттары үшін қалдықтарды жинауды ұйымдастыру процесі тек қана Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылуға тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген нормаларға сәйкес келуге тиіс.

5. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылмайтын өнімнің (тауарлардың) қалдықтары бойынша Оператор төлемдер жасамайды, ал Алушыда мұндай қалдықтарды басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруына қарамастан, оларды алуға құқықтар туындамайды.

6. Алушы Есепке енгізу үшін салыстырып тексеру мерзімі өткен таразы жабдығында өлшенетін (өлшенген) қалдықтардың массасын пайдаланбайды. Алушы Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде Scan және (немесе) Шартта көзделген қалдықтарды жинау жөніндегі нормаларды сақтамаған және (немесе) қалдықтарды жинауды көрсетілген нормаларды бұза отырып жүзеге асырған жағдайда, мұндай Есепті Оператор растауға жатпайды.

7. Шарттың қолданылу мерзімі Шарт жасалған күннен бастап 36 (отыз алты) айды құрайды. Егер Тараптардың бірі оны бұзу ниеті туралы мәлімдемесе, бұзуға негіздер болмаған кезде Шарт автоматты түрде ұзартылады.

3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Оператор құқылы:

1) Алушыдан Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының, Қағидалардың, Түсіндірмелердің нормаларын және осы Шартта жазылған шарттарды тиісінше орындауды талап етуге;

2) төлемдерді алу үшін тиісті Шарт жасалған күннен бастап Алушыдан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және салық салу туралы заңнамасының нормаларына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды талап етуге, сондай-ақ растаушы құжаттарды сұратуға;

3) Алушыдан қалдықтарды жинауды, қабылдауды, беруді, өлшеуді, тасымалдауды, өткізуді растайтын құжаттарды Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен бекітілген бастапқы есепке алу құжаттарының белгіленген нысандарына,

Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына, Қағидаларға және Түсіндірмелерге сәйкес ресімдеуді талап етуге;

4) Қағидаларда және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Алушыға төлемдер жасауды тоқтата тұруға және (немесе) тоқтатуға, Алушыдан бұрын төленген төлемдер сомаларын талап етіп алуға;

5) Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Алушының кез келген құжаттарын қарау, бару, мониторинг нәтижелері бойынша Оператордың анықтаған негізді ескертулерін жоюды талап етуге;

6) Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Алушыдан Қағидаларда белгіленген нормаларға сәйкес сенімді, өзекті әрі нақты мәліметтерді және (немесе) тиісінше ресімделген құжаттарды ұсынуды талап етуге;

7) Қағидалардың 12-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңде жиналған қалдықтардың массасын Есептен шығарып тастауға және оны пысықтауға жіберуге;

8) Алушы Қағидалардың 12-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеген кезеңде төленген сомаларды қайтаруды талап етуге;

9) Алушының Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде немесе Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұсынған мәліметтеріне және (немесе) құжаттарына өзгерістер енгізу туралы өтінімін қабылдамай тастауға;

10) уақытша жинап қою орындарына, автомобиль көлігіне, таразы, техникалық жабдықтарға меншік құқығын және (немесе) өзге де заңды құқығын растайтын құжаттарды тексеру кезінде құқық белгілейтін, сәйкестендіру, техникалық құжаттарды, тіркелген құқықтар, техникалық сипаттамалар туралы анықтамаларды және т.с.с. талап етіп алуға;

11) Алушыға Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген міндеттемелерді орындаумен байланысты, оның ішінде қалдықтар түрлері бойынша кәдеге жарату төлемі енгізілгені туралы сертификатты көрсететін тұлғалардан қалдықтарды жинау бойынша орындалуы міндетті нұсқаулар беруге;

12) мониторинг барысында және құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Операторда туындаған негізді наразылықтарды қоюға, сондай-ақ Оператор көрсеткен мерзімдерде кемшіліктерді жоюды талап етуге;

13) Алушының өндірістік объектілеріне, жинау орындарына (стационарлық қабылдау пункттеріне және (немесе) контейнерлеріне және (немесе) фандоматтарына) кіру мүмкіндігімен, Қағидаларда және Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде мониторингті жүзеге асыруға;

14) жазбаша сұрау салулар негізінде Алушыдан Қағидалардың, Түсіндірмелердің нормаларын және Шарттың шарттарын орындауға қатысты жазбаша түсініктемелерді талап етуге;

15) Алушыдан Оператордың ақпараттық жүйесін Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен тиісінше пайдалануды талап етуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және (немесе) Шартта көзделген шарттарда және тәртіппен осы Шартты бұзуға;

17) қалдықтарды жинау және (немесе) тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі бөлігінде, сондай-ақ Есепті дайындау бөлігінде Қағидалар және (немесе) Түсіндірмелер орындалмаған және тиісінше орындалмаған кезде жиналған, тасымалданған және қайта өңдеуге берілген қалдықтардың массасын Есепте көрсетілген қалдықтардың жалпы массасынан шығарып тастауға және оны пысықтауға жіберуге;

18) қалдықтарды жинау процесін тексеру және (немесе) оған мониторинг жүргізу үшін бөгде тұлғаларды немесе ұйымдарды тартуға, сондай-ақ олар үшін Қағидалардың, Түсіндірмелердің және Шарттың нормаларын орындау шеңберінде қалдықтарды жинауды тікелей және (немесе) жанама түрде растайтын және (немесе) оған қатысы бар құжаттар мен процестерге қатысты нормаларды, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындауға;

19) құқық қорғау органдарына, бақылау және қадағалау органдарына, жалғыз акционерге, сыртқы және ішкі аудиторларға Шарттың орындалу барысы туралы ақпаратты және (немесе) құжаттаманы ұсынуға;

20) төлемдерді алу мақсатында Алушы тарапынан алаяқтық, көбейтіп жазу (приписка), алдау, құжаттарды бұрмалау (фальсификация) фактілері анықталған жағдайда, қажетті шаралар қолдану үшін тиісті мәліметтер мен материалдарды құқық қорғау органдарына беруге;

21) Алушы тарапынан Операторға сенімсіз мәліметтер ұсыну, алаяқтық, көбейтіп жазу, алдау, құжаттарды бұрмалау фактілерін жасау және өзге де құқыққа қайшы әрекеттер нәтижесінде Алушы алған төлемдер сомаларын қайтаруды талап етуге;

22) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Алушыны және (немесе) оның басшыларын, қатысушыларын, акционерлерін жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде бар-жоғын тексеруге;

23) Оператордың Инвестициялық саясатында көзделген төлемдерге арналған лимит толық пайдаланылған жағдайда төлемдерді тоқтата тұруға;

24) Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беруге (міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы);

25) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға, Түсіндірмелерде және Шартқа сәйкес басқа да құқықтарды пайдалануға;

26) қателер анықталған жағдайда, егер есеп бұған дейін Қағидалардың 46-тармағында көзделген негіздер бойынша пысықтауға жіберілген болса, Есепті пысықтауға жіберуге. Бұл ретте, егер аталған қателер Есепті растау немесе қабылдамай тастау туралы шешім қабылдауға әсер етпейтін болса, мұндай қателер қорытынды шешімге ықпал етпей түзетілуге жатады.

9. Оператор міндетті:

1) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру кезінде Алушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) Оператордың ақпараттық жүйесіне тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз етуге, жүргізілетін техникалық жұмыстар туралы алдын ала хабарлауға. Бұл ретте Оператордың жүйе пайдаланушыларымен өзара іс-қимылы Оператордың жұмыс уақытында жүзеге асырылады;

3) Алушы Оператордың ақпараттық жүйесінде ұсынған өтінімдер мен құжаттарды Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауды жүзеге асыруға;

4) Алушылардың дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Оператордың қолданыстағы ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен өңдеуге;

5) Оператордың ақпараттық жүйесінде Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген құжаттардың, келісімдердің тиісті белгіленген нысандарын, сондай-ақ хабарламалар мен хабарландыруларды уақтылы орналастыруға;

6) Алушы Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісінше орындаған және тиісінше ресімделген Есепті уақтылы ұсынған жағдайда, Алушының Есебін Оператордың ақпараттық жүйесінде Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен растауға;

7) Оператор Есепті қарап, растағаннан кейін Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген мерзімдерде және шарттарда төлемдер мөлшерін есептеуге және Алушыға Қаулымен бекітілген мөлшерде ақшалай төлемдер жасауға;

8) Оператордың ақпараттық жүйесіне рұқсатсыз кіру әрекеттерінің алдын алуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді атқаруға.

10. Алушы құқылы:

1) Оператордан Қағидаларда және Шартта көзделген міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге;

2) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру үшін тең жағдайлардың қамтамасыз етілуін талап етуге;

3) дербес деректердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісінше өңделуін талап етуге;

4) Оператор Есепті растаған жағдайда, Оператордан төлемдердің өзінің банктегі шотына уақтылы және толық аударылуын талап етуге;

5) Оператордың ақпараттық жүйесінің тиісінше жұмыс істеуін талап етуге;

6) Оператордан Оператордың ақпараттық жүйесінде ұсынылған құжаттарды Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауды талап етуге;

7) Оператордың ақпараттық жүйесінде жиналған қалдықтарды өткізу туралы хабарландырулар орналастыруға, оған түзетулер енгізуге, хабарландыруды кері қайтарып алуды жүзеге асыруға, сондай-ақ өткізілетін қалдықтарға бағаны өз бетінше белгілеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі өндірістік объектілерге тасымалдауды өз бетінше жүзеге асыруға;

9) тасымалдаушыны Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелгендер қатарынан таңдауға және тасымалдаушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Қағидалар, Түсіндірмелер, Шарт нормаларын орындамау және (немесе) тиісінше орындамау тәуекелін өз бетінше көтеруге, сондай-ақ тиісті құқықтық салдарларды қабылдауға;

10) қалдықтарды қайта өңдегені үшін төлемдерді алушыны Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелгендер қатарынан өз бетінше таңдауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға және осы Шартқа сәйкес басқа да құқықтарға ие болуға.

11. Алушы міндетті:

1) қалдықтарды жинауды Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шарттың шарттарына, сондай-ақ жүзеге асырылатын қызметті регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес тиісінше жүзеге асыруға;

2) Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелуге, қажетті сенімді мәліметтерді уақтылы және толық көлемде енгізуге, өтінімдер мен басқа да құжаттардың қаралу және өңделу мәртебесін қадағалап отыруға;

3) Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Қағидалардың 12-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келуге;

4) Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және салық салу туралы заңнамасының нормаларына сәйкес жасауға, сондай-ақ Оператордың сұрау салуы бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде (егер Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде өзгеше көзделмесе) растаушы құжаттарды ұсынуға;

5) қалдықтарды жинауды, қабылдауды, беруді, өлшеуді, тасымалдауды, өткізуді растайтын құжаттарды бастапқы есепке алу құжаттарының белгіленген нысандарын бекіту туралы Бұйрықтың нормаларына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына, Қағидаларға және Түсіндірмелерге сәйкес ресімдеуді жүзеге асыруға;

6) алдын ала тіркелуге және Оператормен Оператордың ақпараттық жүйесі, сондай-ақ Оператордың электрондық құжат айналымы жүйесіне ұқсас немесе онымен интеграцияланған электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы өзара іс-қимыл жасауға, бұл ретте Оператордың ақпараттық жүйесі мен электрондық құжат айналымы жүйесін орнату (тіркеу) және пайдалану бойынша барлық шығыстарды өз бетінше көтеруге;

7) сауалнамада және (немесе) паспортта көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, өзгерістер туындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Оператордың қарауы үшін ақпараттық жүйеде сауалнамаға және (немесе) паспортқа тиісті өзгерістер енгізу туралы өтінім беруге;

8) Оператордың ақпараттық жүйесінде өлшеу нәтижелерін көрсете отырып, қалдықтардың әрбір партиясын салыстырып тексерілген таразы жабдығында тиісінше өлшеуді қамтамасыз етуге;

9) қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі операция жасалған күннен бастап 1 (бір) күн ішінде Қағидалар мен Түсіндірмелерге сәйкес тиісті құжаттарды ресімдей отырып, Оператордың ақпараттық жүйесінде қалдықтарды жинау туралы мәліметтердің көрсетілуін жүзеге асыруға;

10) Оператор Түсіндірмелерге сәйкес ұсынатын ақпараттық жүйені пайдалануға, Оператордың ақпараттық жүйесінде құжаттарға қол қою кезінде Алушының бірінші басшысының (уәкілетті тұлғасының) немесе уәкілетті органының қаржылық құжаттарға қол қою құқығы бар электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалануға, бұл ретте аталған тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды ұсынуға;

11) қалдықтарды автомобильмен тасымалдау үшін тек қана Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелген автомобиль көлігін пайдалануға;

12) қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын тұлғаларға қалдықтарды автомобильмен тасымалдауға өтінімдерді тек қана Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы беруге;

13) қалдықтарды тасымалдау кезінде Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы тасымалдаудың жүзеге асырылуын растауды (фототіркеу, интернетке және спутниктік навигация жүйесіне қосылу) қамтамасыз етуге: тиеу және түсіруді, өлшеуді, бақылау нүктелерінен өтуді Оператордың ақпараттық жүйесі арқылы Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген нормаларға сәйкес орындауға, сондай-ақ тасымалдаушы үшін аталған нормаларды орындау қажеттілігі туралы тиісті нұсқамалық жүргізуге;

14) Оператордың ақпараттық жүйесінде қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын төлемдерді алушымен Түсіндірмелерге 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша қалдықтардың әрбір партиясын қабылдау-тапсыру актісін тиісінше ресімдеуге;

15) Оператордың ақпараттық жүйесінде Есепті Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген тәртіппен ресімдеуге;

16) Оператордың тапсырмасы бойынша, Оператордан тапсырма алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Оператордың ақпараттық жүйесінде жиналған және қайта өңдеуге берілген қалдықтардың мұндай массасын қоса отырып, кәдеге жарату төлемі енгізілгені туралы сертификатты көрсететін тұлғаларда түзілетін қалдықтарды жинауды жүзеге асыруға;

17) қалдықтарды одан әрі қайта өңдеуге беру үшін Түзушілерден қалдықтарды жинауды және (немесе) қабылдауды, оның ішінде Алушының сатып алу бағасы бойынша ақылы негізде жүзеге асыруға;

18) Оператордың сұрау салуы бойынша және ол көрсеткен мерзімдерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, Түсіндірмелерде және Шартта көзделген өз міндеттемелерінің орындалу барысы туралы ақпаратты ұсынуға;

19) ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың нақтылығы, толықтығы, өзектілігі және сенімділігі үшін Оператордың, үшінші тұлғалардың және мемлекеттік органдардың алдында дербес жауапты болуға;

20) егер шығындар Алушының Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде және (немесе) Шартта көзделген міндеттемелерді орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына байланысты туындаған жағдайда, Операторға келтірілген шығындарды (убытки) өтеуге;

21) Түзушінің қалдықтары Қағидаларда көзделген нормаларға сәйкес келген кезде, Түзушілерге өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын қалдықтарды олардан қабылдаудан бас тартпауға;

22) Оператордың уәкілетті өкілін мониторинг жүргізу және (немесе) мониторингтің басқа да негіздері бойынша тексерулер жүргізу үшін қалдықтарды жинау жөніндегі өзінің өндірістік объектілеріне, жинау орындарына, қалдықтарды қабылдау пункттеріне (стационарлық қабылдау пункттеріне және (немесе) контейнерлеріне және (немесе) фандоматтарына) жіберуге, сондай-ақ сұратылып жатқан барлық құжаттаманы уақтылы және толық көлемде ұсынуға;

23) ақпараттық жүйеде Түзушілердің өтінімдерін Алушының инфрақұрылым объектісінің қалдықтардың орналасқан жеріне барынша жақын болуы принципі бойынша, басым тәртіппен (бірақ бұнымен шектелмей) бір ауылдың, кенттің, қаладағы ауданның, қаланың, ауданның әкімшілік шекарасы шегінде қадағалап отыруға, Түзуші өтінімді орналастырған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей оларға жауап беруге және Алушы өтінімге жауап берген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қалдықтарды жинауды жүзеге асыруға;

24) Оператордың тапсырмасы бойынша, басым тәртіппен (Түзушінің өтінімі 3 (үш) күнтізбелік күннен астам уақыт бойы тұрып қалған жағдайда), Алушының инфрақұрылым объектісінің қалдықтардың орналасқан жеріне барынша жақын болуы принципі бойынша бір ауылдың, кенттің, қаладағы ауданның, қаланың, ауданның әкімшілік шекарасы шегінде Түзушіден қалдықтарды жинауды Оператордан тапсырма алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асыруға;

25) Оператордан Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде және (немесе) Шартта көзделген шарттар мен нормаларды бұза отырып жиналған қалдықтар массасы үшін төлем жасауды талап етпеуге;

26) Оператор Есепті пысықтауға жіберген кезде, оны Оператор шығарып тастаған қалдықтар массасын ескере отырып және (немесе) Есепті пысықтауға жіберуге себеп болған ескертулерді жоя отырып, Қағидаларда және Түсіндірмелерде көзделген мерзімдерде және жағдайларда қалыптастыруға;

27) Қағидаларда көзделген нормаларды сақтауға;

28) Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қағидаларға және осы Шартқа сәйкес басқа да міндеттерді атқаруға.

4-тарау. Өзара есеп айырысу (төлем жасау) тәртібі

12. Шарт бойынша барлық төлемдерді Оператор тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүзеге асырады.

13. Алушы Оператордан төлемдерді алу үшін ай аяқталғаннан кейін 1 (бір) рет, келесі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін Оператордың ақпараттық жүйесінде өткізілген қалдықтарға арналған электрондық шот-фактураларды, сондай-ақ тасымалданған қалдықтарға арналған теміржол жүкқұжаттарын (теміржол көлігімен тасымалданған жағдайда) ұсына отырып, Есепті қалыптастырады. Егер электрондық шот-фактуралардың саны 100 (жүз) бірліктен асатын жағдайда, Түсіндірмелердің 17-тармағының 3) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес бірінші басшы (уәкілетті тұлға) немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған, есепті кезең үшін тоннамен, Excel форматындағы бухгалтерлік есептің электрондық базасынан түсірілім және 100 (жүз) электрондық шот-фактура ұсынылады.

14. Оператор Есепті ұсынылған құжаттармен бірге, Алушы Оператордың ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы оған қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

15. Оператордың Есепті растауы және ол бойынша төлемдер жасауы есепті кезеңде қалдықтар өткізілген, қалдықтарды қайта өңдегені үшін төлемдерді алушының қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есебін Оператор қарап, растағаннан кейін жүзеге асырылады.

16. Алушы Шарттың 13-тармағында (мәтін мазмұны бойынша келесі тармақтарда нақтылануы мүмкін) көрсетілген мерзім өткеннен кейін Есепті қалыптастырған және оған қол қойған жағдайда, есепті кезеңдегі Есептерді Оператор қарауға жатпайды.

17. Электрондық шот-фактураны Алушы өткізілген қалдықтарға, Алушының қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебіне тұруының бар-жоғына қарамастан, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда жазып береді.

18. Есепті жасау кезінде Алушы Қағидаларда және (немесе) Түсіндірмелерде белгіленген нормаларды сақтай отырып, іс жүзінде жиналған және қайта өңдеуге берілген қалдықтарды сенімді түрде көрсетуі қажет. Төлемдерді Оператор өзінің Инвестициялық саясатында белгілеген лимиттер сомасы шегінде жүзеге асырады.

19. Оператор Есепті қарап, растағаннан кейін, есепті кезеңде қалдықтар өткізілген, қалдықтарды қайта өңдегені үшін төлемдерді алушының қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы есебін Оператор қарап, растағаннан кейін, Қағидаларға және Шарттың шарттарына сәйкес Алушының банктегі шотына төлемдерді толық көлемде аударғаннан кейін есеп айырысу жүргізілді деп есептеледі.

20. Оператор Алушыға Есептің расталмауына, төлемдердің тоқтатыла тұруына, Шарттың бұзылуына байланысты Алушы шеккен қандай да бір ақшалай қаражатты және кез келген шығыстарды өтемейді.

21. Алушы төлемдерді алу үшін банк шоты ретінде үшінші тұлғалардың банк шоттарын пайдаланбайды.

22. Ақшалай қаражатты аударуға байланысты барлық банктік шығыстарды ақшалай қаражатты жіберуші төлейді.

5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

23. Алушы Операторға және уәкілетті органдарға ұсынылатын мәліметтердің, құжаттардың, есептердің нақтылығы, толықтығы, өзектілігі және сенімділігі үшін жауапты болады.

24. Шарт бойынша Тараптар Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қағидаларға, Түсіндірмелерге және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6-тарау. Шартты бұзу тәртібі

25. Оператор Алушыны Шартты бұзу жоспарланған күнге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын бұзу негіздерін көрсете отырып, Оператордың ақпараттық жүйесінде хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

26. Оператордың Шартты біржақты тәртіппен бұзуы мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) Алушы Шарт жасасу кезінде Оператордың ақпараттық жүйесінде Операторға көрінеу жалған құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынғанда, егер түпнұсқа құжаттар немесе мәліметтер Шарт жасасудан және төлемдерді алудан бас тарту үшін негіз болуы мүмкін болған жағдайда;

2) Алушы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде құжаттарды тексеру, мониторинг, бару шеңберінде, уәкілетті мемлекеттік органдардан қалдықтарды жинау туралы келіп түскен мәліметтер шеңберінде анықталған көрінеу сенімсіз мәліметтерді Операторға ұсынғанда;

3) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарынан қалдықтарды жинау фактісі анықталған жағдайда;

4) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Қағидалардың 12-тармағында көзделген нормаларға сәйкес келмеушілік анықталған жағдайда;

5) Алушы Қағидалардың 124-тармағын орындамаған және (немесе) тиісінше орындамағанда;

6) Қағидалардың 122-тармағында сипатталған жағдай туындаған кезде.

27. Шарттың 26-тармағында (мәтін мазмұны бойынша тармақ нөмірлері нақтылануы мүмкін) көзделген негіздер бойынша Оператор Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Оператор бұзушылықтар жасалған және (немесе) Қағидалардың және (немесе) Түсіндірмелердің және (немесе) Шарттың

нормалары орындалмаған (сақталмаған) есепті кезеңдерде төленген ақшалай қаражатты талап етіп алуға құқылы. Оператор Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Оператордың ақпараттық жүйесінде Шартты бұзу және (немесе) ақшалай қаражатты талап етіп алу туралы хабарламаны орналастырады. Сондай-ақ Шартты бұзу және (немесе) ақшалай қаражатты талап етіп алу туралы хабарлама Алушыға Оператордың ақпараттық жүйесінде тіркелу кезінде көрсетілген электрондық құжат айналымы және (немесе) электрондық пошта және (немесе) мессенджер арқылы қосымша жіберіледі.

Алушы 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде Операторға талап етілетін соманы төлейді, бұл ретте, Оператормен келісу бойынша Алушының берешекті өтеуі хабарлама орналастырылған және (немесе) жіберілген күннен бастап 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде Оператор бекіткен кестеге сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

Алушы талап етілетін ақшалай қаражатты қайтарудан бас тартқан жағдайда, барлық келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7-тарау. Даулар мен келіспеушіліктер

28. Тараптар Шарт бойынша немесе оған байланысты өз араларында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер мен хат-хабар алмасу процесінде шешу үшін барлық күш-жігерін салуға тиіс.

29. Тараптар келіссөздер мен хат-хабар алмасу процесінде шешпеген даулар мен келіспеушіліктер екінші Тарапқа осы ниет туралы кем дегенде 10 (он) жұмыс күні бұрын тиісінше жазбаша хабарланғаннан кейін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Оператордың орналасқан жері бойынша соттың қарауына беріледі.

8-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)

30. Егер Шарт шарттарының орындалмауы Тараптардың бірінің немесе екеуінің де қызметіне тікелей әсер ететін еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажордың) нәтижесі болса, Тараптар оларды орындамағаны үшін жауапты болмайды.

31. Шарттың мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)» дегеніміз — басталуы Тараптардың еркінен тыс болатын, күтпеген сипатқа ие және еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлардағы төтенше және болдырмауға болмайтын мән-жайлардың (дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар), мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігіне тікелей әсер еткен, шектейтін немесе тыйым салатын актілерінің салдары болып табылатын оқиғаларды білдіреді. Нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе

көрсетілетін қызметтердің болмауы мұндай мән-жайларға жатпайды.

32. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде, мұндай мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа мұндай мән-жайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер екінші Тараптан өзгеше жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Тарап Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және Шартты орындаудың еңсерілмейтін күш мән-жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіруді жүргізеді. Хабарламамау немесе уақтылы хабарламау мұндай мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тарапты осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды тоқтата тұру мүмкіндігі үшін негіз ретінде кез келген еңсерілмейтін күш мән-жайына сілтеме жасау құқығынан айырады.

33. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор) туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі мұндай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақытқа барабар кейінге шегеріледі.

34. Форс-мажорлық мән-жайдың басталуы Тараптарды мұндай мән-жай басталғанға дейін туындаған өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор) 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолайлы баламалы тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

9-тарау. Құпиялылық

35. Ақпарат Алушының персоналына құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай көлемде ғана ұсынылуға тиіс;

36. Тараптардың бір-біріне ұсынатын, осы Шартқа байланысты барлық қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпарат, құпиялылық белгісінің (грифінің) бар-жоғына қарамастан, құпия деп есептеледі.

37. Тараптар ақпараттың үшінші тұлғаларға жария етілуіне жол бермеу үшін барлық қажетті және ақылға қонымды шараларды қабылдайды. Ақпаратты жария ету және (немесе) Тараптардың кез келгенінің Оператор тексеру үшін тартқан ұйымға қалдықтарды жинауды растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуы құпиялылықты жария ету болып табылмайды.

38. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз Шарттың мазмұнына қатысты ақпаратты немесе құпия деп есептелетін және Шарт ережелерін іске асыруға байланысты өзге де ақпаратты ашуға құқылы емес, мынадай жағдайлар бұған қосылмайды:

- 1) ақпарат сот талқылауы барысында пайдаланылған кезде;
- 2) мұндай үшінші тұлға осы ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана және Тараптар белгілеген мерзімде пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Шарт бойынша Тараптардың біріне қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға ұсынылған кезде;
- 3) мұндай банк немесе қаржы ұйымы осы ақпараттың құпиялылық

шарттарын сақтау міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Тараптардың бірі қаржылық қаражат алатын банкке немесе өзге де қаржы ұйымына ұсынылған кезде;

4) ақпарат қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, Алушының кез келген банктік шоттарына, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік банктерде ашылған шоттарына қатысты кез келген ақпаратқа, соның ішінде банктік құпия болып табылатын ақпаратқа қолжетімділігі бар Қазақстан Республикасының салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына ұсынылған кезде;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда, соның ішінде Оператор өз міндеттемелерін орындаған кезде.

39. Ақпаратты жария етуге қатысты шектеулер жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратқа немесе кейіннен Тараптардың кінәсінен тыс жалпыға бірдей қолжетімді болған ақпаратқа, сондай-ақ Тарапқа екінші Тараптан алынғанға дейін немесе одан кейін басқа дереккөздерден белгілі болған ақпаратқа қолданылмайды.

40. Осы баптың ережелерін бұзушылықтарды дәлелдеу міндеті мұндай бұзушылық туралы мәлімдеген Тарапқа жүктеледі.

10-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

41. Тараптар олардың әрқайсысы парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік саясатын жүргізетінін таниды және растайды, бұл саясат сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және осы Шартты орындауға байланысты рәсімдерді оңайлату, қандай да бір мәселелердің тезірек шешілуін қамтамасыз ету мақсаты болып табылатын жәрдемдесу үшін төлемдер жасауға, төлемдерді жүзеге асыруға тыйым салуды көздейді. Тараптар өз қызметінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және оның негізінде әзірленген, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді басшылыққа алады.

42. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өздеріне байланысты барлық шараларды қабылдайды, бұл шаралар Тараптардың, олардың қызметкерлерінің немесе өкілдерінің қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету мақсатында екінші Тараптың кез келген қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшаны немесе басқа да құндылықтарды төлемейтініне, төлеуді ұсынбайтынына және төлеуге рұқсат бермейтініне кепілдік береді.

43. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері немесе өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру/пара алу, коммерциялық сатып алу (подкуп) деп білінетін (квалификацияланатын) әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының нормаларын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

44. Жоғарыда көрсетілген сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер анықталған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдауға міндеттенеді.

11-тарау. Қорытынды ережелер

45. Алушы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойып және осы Шартты жасаса отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Операторға дербес деректерді жинауға және өңдеуге құқық беруге өз келісімін растайды.

46. Шарт Алушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қосылу туралы өтінішке қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың 7-тармағында көрсетілген мерзім ішінде, ал өзара есеп айырысу бөлігінде — Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

47. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге тек Тараптардың келісімі бойынша ғана жол беріледі және олар екі Тараптың да уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша келісім түрінде жазбаша нысанда ресімделеді.

48. Шартта көзделмеген барлық мәселелерде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

49. Шарт шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларына сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары басым деп танылады.

Тараптардың деректемелері

Оператор:

Алушы:

